

Жуырда солтүстікқазақстандық кәсіпқой боксшы, аса жеңіл салмақтағы WBA белбеуінің иегері Жанат Жақиянов (27-1, 18 KO) пен IBF тұжырымдамасының чемпионы Райан Барнетт (17-0, 9 KO) арасында жекпе-жек отетіндігі белгілі болды. Бокс кеші 21 қазанда Солтүстік Ирландияның Белфаст қаласында, яғни Райанның туған жерінде өтпек. Жәнімпаз негізгі екі тұжырым бойынша чемпион атанбақ. Осыған орай, жыл басындағы жеңісінен кейін облыс орталығындағы бокс мектебінде жаттығып жүрген Жанат Жақияновпен кездесіп, сұхбаттасқан едік. [buy cialis ebay](#) [cialis buy generic levitra](#) [fake generic cialis](#) [buy cialis brisbane](#) [cheap real cialis](#) [price of cialis](#)  
argaiv1797

– Жанат Ескендірұлы, сонымен кезекті қарсыласыңыз анықталды. Ендігі кезекте көпшілікті “Райан Барнетт деген кім?” деген сұрақ мазалайтыны сөзсіз. Болашақ қарсыласыңыз жайлы бар мағлұматыңызбен бөліссеніз.

– Райан Барнетт өз салмақ дәрежесі бойынша “BoxRec” сайты мен “The Ring” журналының рейтингінде бесінші орында тұр. Ал мен болсам бұл рейтингте сәйкесінше он бірінші және үшінші орында тұрмын. Яғни, деңгейлеріміз шамалас. Осы салмақтың өзінде әлемде мыннан астам кәсіпқой боксшы бар екенін ескерсек, екеуіміздің деңгейіміздің қандай екенін түсінуге болады. Екеуіміз де онқаймыз. Әрі бір-бірімізді жақсы танимыз. Бүгін дейін талай спарринг кездесулер өткіздік. Яғни, бір-біріміздің өдіс-айлаларымыз бен қарым-қабілеттерімізді жақсы білеміз. Барнеттің аяқпен жұмыс істеуі, қорғанысы, қарсыласын сезінуі, жылдамдығы жақсы. Ашық жүріп жүдйрықтасқанды жақсы қореді. Алайда, соққысы жойқын дей алмаймын. Кәсіпқой бокста жеңіліс тауып қормеген.

– Спортсүйер қауым сізді техникасы мен физикасы қалыптасқан, рухы мықты жігіттердің бірі ретінде таниды. Спорт мамандары бокста сү онерінізді жеке бапкерініз, кәсіпқой бокс әлеміне белгілі Рикки Хаттонға ұқсатады екен. Десе де, алдағы кездесуден не күтесіз?

– Бұл жолы Райанға өз үйінде, жергілікті жанкүйерлер алдында бокстасқан ынғайлы болғалы тұр. Бұл оған психологиялық артықшылық сыйлауы мүмкін, алайда, мен де қарап қалмаспын. Бұл кездесуде жеңіске жетсем, орта салмақтағы WBC, WBA super және IBF тұжырымдарының чемпионы Геннадий Головкиннен кейін кәсіпқой бокста екі негізгі

чемпиондық белбеуге кол жеткізген екінші казахстандық боксшы атануым гажап емес.

– Кәсіпкой бокста чемпиондық белбеу иеленген боксшылар тізімінде жеті казахстандық бар. Белбеуі саны жағынан тек орта салмақта WBC, WBA, IBF және IBO белбеулерінің иегері Геннадий Головкинге (36-0, 33 KO) ғана жол беріп тұр екенсіз.

– Бокс – казактын маңдайына біткен берекелі спорт түрлерінің бірі. Өуеской бокстың ұландары жазғы Олимпиада ойындарынан алтынсыз оралмайды, кәсіпкой бокста да намысымызды жанып жүргендер жетерлік. Екі мыңыншы жылдардың басында кәсіпкой бокс десе, Василий Жиров пен Марат Мәзімбаевтың есімдері ауызға ілігетін. Бүгіндері кәсіпкой шаршы аланнан нәсіп терген ор түлғалы жігіттеріміз кобейді. Жалғыз Геннадий Головкиннің (GGG) озі Қазақстанның атын айдай әлемге танытуда. Бірақ кәсіпкой бокс дегеніңіз – ұзақ жыл тер тоғуді талап ететін, бір жекпе-жектің озінің жыры бірнеше айға созылатын, қазіргі кезде ақша мен шоу таразы басын басқан күрделі спортқа айналды. Осындайда 33 жастағы былғары колғап шебері, бірінші ауыр салмақ дәрежесінде тұрақты әлем чемпионы Бейбіт Шүменовті атап отпеуге болмайды. АҚШ-тың торінде қарсыласын ауыр соққыларымен жайратып жүрген, шаршы аланда 22 кездесу өткізіп, 18-ін нокаутпен аяқтаған Канат Исламның озі бір төбе. Ол – бірінші жартылай орта салмақта WBO Inter-Continental және WBA Fedelatin чемпионы. Одан басқа жартылай орта салмақта Александр Журавский (WBO Oriental), екінші жеңіл салмақта Бекман Сойлыбаев (WBC Eurasia Pacific Boxing Council, WBA-NABA USA), бірінші ауыр салмақта Иса Акбербаев (Global Boxing Council) ел намысын қорғап жүр. Яғни, қай салмақта болсын чемпиондықтан кенде емеспіз. Қазақстандықтардың жеңісті де табысты жолы қуат берді ме, сонғы жылдары боксқа келуші жастардың қатары кобейді.

– Жанат Ескендірұлы, 2007 жылдан бастап кәсіпкой шаршы аланда жүдырықтаса бастағаныңызды білеміз. Оқырмандарға бокстағы бағыңыздың қалай ашылғанына тоқталып өтсеніз.

– Бокста бірден жолым ашылды дей алмаймын. Бүгінгі жетістіктерімнің барлығы жаттығу залында тоғілген қара тердің нәтижесі. Спорттық маңсабымда биік шындардан қоріну үшін әлемнің ең үздік бапкерлерінен тәлім алу қажеттігін түсінгеннен кейін 2008 жылы АҚШ-қа баруға бел будым. Шетте жүрген төрт жылдың ішінде тәжірибе жинап, боксшы ретінде қалыптаса бастадым. 2011 жылы Швейцарияның “Salle du Bourg” аренасында өткен жекпе-жекте спорттық маңсабымдағы ерекше оқиға орын алды. Шаршы аланда Бенджамин Питтелудті екінші раунда жеңгеннен кейін, кезінде кәсіпкой бокстан әлем чемпионы болған, бүгінде танымал промоутер Рикки Хаттонмен келісімшартқа отырдым. Негізгі жаттығуларым Ұлыбританияда өтеді. Белгілі бір жекпе-жек аяқталғаннан кейін

бапкерлерімнің рұқсатымен 1-2 айға елге ораламын.

Жекпе-жек алдындағы дайындық кезеңінде міндетті түрде промоутерлік компаниядағы бапкерлерімнің көмегіне жүгінемін. Олар қарсыласқа қарсы қалай дайындалу керектігін, қандай тактика ұстану қажеттігін түсіндіреді. Солар құрып берген бағдарлама бойынша жаттығамын. Қоп жағдайда менеджерлерімнің жұмысына араласа бермеймін. Қандай қарсылас таңдайды, жекпе-жек қай жерде өтеді, оның ақшасы қалай белгіленеді, қандай титулдар сарапқа салынады, барлығы компания мамандарының атқаратын жұмысы. Ал менің міндетім – шаршы алаңға шығып, жеңіске жету.

– Жылдың басында АҚШ-тың Огайо штатында америкалық Роуши Уорренді жеңіп, WBA нұсқасы бойынша “Супер чемпион”, IBO тұжырымы бойынша чемпион атанғаныңызда ел болып қуандық.

– Роуши Уоррен – ұзақ уақыт бойы әуесқой бокспен шұғылданып, жазғы Олимпиада ойындарына үш мәрте қатысқан тәжірибелі боксшы. Кәсіпқой бокста өзін жақсы қырынан танытып үлгерген ол 17 кездесу өткізіп, оның 14-інде жеңіске жеткен. Бірақ оның атағы мені еш сескендірген жоқ. Бапкерлерімнің тактикасын ұстанып, жеңіске жетудің амалын жасадым. Соңғы гонкка дейін басымдық танытуға барымды салдым. Соның нәтижесі болар, төрешілер ұпай саны бойынша жеңісті маған берді. Бұл жеңістен кейін еңбегімді бағалаған облыс басшылығы үш болмелі пәтер берді. Бір атап өтерлігі, мен шетелдік боксшылар сияқты өз-өзімді жарнамалап, болашақ қарсыласыма айбат қорсетуден аулақпын.

Өзірге тек ойлайтыным бокс ғана. Менің спортшы ретінде қалыптасуыма үлестерін қосқан Владимир Чернышков пен Александр Лебедевке өмір бойы қарыздармын. Оларға алғыстан басқа айтарым жоқ.

– Окінішке қарай, сіздің есіміңіз тек чемпион атанғаннан кейін елге кең таныла бастады. Бүкіл әлем назар аударған чемпиондық кездесуіңіз де отандық телеарналардан қорсетілмей, ғаламтордан тамашалауға мәжбүр болдық. Бұл жарнаманың аздығына байланысты болды ма?

– Менің ойымды доп бастыңыз. Отандық арналарда Сергей Ковалев, Мэнни Пакьяо,

Василий Ломаченко, Владимир Кличко сиякты шетелдік кәсіпкой боксшылардын кездесулері үнемі корсетіліп жүргенін білеміз. Аталган боксшылар шынында да мыкты. Дегенмен, оз елімізде де талай белестерді багындырып жүрген санлактар бар. Осындайда оз спортшыларымызга бірінші кезекте орын берілгені жон деп санаймын. Телеарналарымыз рухты, енбеккор жігіттеріміздін шаршы аландагы кездесулерін алдагы уакытта тікелей эфирде корсетіп тұрады деп үміттенемін.

– Жанат Ескендірұлы, шаршы аланда жұлдырктаскыңыз келетін карсыласыңыз бар ма?

– Аса женіл салмакта Райан екеуімізден баска тагы екі негізгі чемпион бар. Олар – “WBC” және “Ринг” журналынын чемпионы Синсукэ Яманака мен WBO белдігінін иегері Золани Тете. Бул чемпиондармен кездесудін де ауылы алыс емес. Әсіресе, жапониялык боксшымен біріккен жекпе-жек откізгім келеді. Ол оте тәжірибелі карсылас, 28 жекпе-жегінін 26-сында женіске жеткен. Менін жұлдызды сәтім әлі алда. Максатым – озге чемпиондармен кездесіп, белбеу санын кобейту.

Сүхбаттаскан Канат АТАМАНОВ,

“Солтүстік Казакстан”.

Суретті түсірген

Амангелді БЕКМҮРАТОВ.